

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Зайсан қала округінің "Заречный" мөлтек ауданында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Зайсан қаласы әкімінің 2017 жылғы 10 қарашадағы № 4 шешімнің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Зайсан қаласы әкімінің 2018 жылғы 8 қаңтардағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 19 қаңтарда № 5454 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46-бабының 2 тармағының 4) тармақшасына, Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 8 қарашадағы № 387 ұсынысы негізінде Зайсан қаласының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ірі қара малдардың бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Зайсан қала округінің "Заречный" мөлтек ауданының шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Зайсан қаласы әкімінің 2017 жылғы 10 қарашадағы № 4 "Зайсан қала округінің "Заречный" мөлтек ауданында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5295 болып тіркелген, 2017 жылғы 11 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Зайсан қала әкімі

А. Дутбаев